

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ  
ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МҰҒАЛІМДЕРІН  
ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

18.03.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы М.Н.Шаханбаев Е.Ауелбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Б.Қ.Мұхамеджанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі аға оқытушы Е.Б.Мамбетаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының меңгерушісі, ҚР Мәдениет қайраткері А.Т.Ботақараев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.И.Алтынбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.Б.Есентаев, АК мүшесі, академиялық персонал – АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы А.О.Рахымжанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, подполковник С.Т.Мамбеталиев.

**Күн тәртібі:**

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету.
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы, аға оқытушы М.Шаханбаев:** Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша бүгінгі күн тәртібіндегі ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету, наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау мәселелерін қарастыратын боламыз. Әр бір мәселе бойынша жасалынатын жұмыстарды ортада талқыласақ.

**АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Е.Б.Мамбетаев:** Бірінші мәселе бойынша тоқталсам, биылғы оқу жылында «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы аясында даярланған, жетекші университеттер: Абай атындағы ҚазҰУ, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар университеті ұсынған ББ бағдарламасы аясында 6B01405 Дене шынықтыру және спорт (IP), 6B01406 Музыкалық білім (IP), 6B01478 Көркемдік білім (IP) білім беру бағдарламалары жасалынды. ББ тізілімдемесіне ұсынылды, ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етілуде. Яғни ББ ішкі нормативтік талаптары бойынша барлық құжаттар талапқа сай құрастырылып, рәсімделіп қолданысқа енгізуге ұсынылды.

**АК мүшесі, А.Күздеубаева:** «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы аясында даярланған білім беру бағдарламаның Білім беру саласының атауы Педагогикалық ғылымдар ал, ББ атаулары: 6B01405 Дене шынықтыру және спорт (IP), 6B01406 Музыкалық білім (IP), 6B01478 Көркемдік білім (IP), ББ түрі-инновациялық ББ болады. Бұл БББ-лар әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып, әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады. БББ 60 академиялық кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), 56 академиялық кредит міндетті компоненттен және 124 академиялық кредит пәндік компоненттен (8 академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) тұрады.

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы үш бөліктен тұрады: 1) педагогикалық компонент; 2) пәндік компонент; 3) міндетті компонент. Бұл құрылымдардың әрқайсысы модульдар мен тиісті курстардан құралады. Курстардың оқыту нәтижесі оқыту жұмысында қажетті құзыреттіліктерді сипаттайды және ҰБШ жүйесінің алтыншы деңгейіне жатады. Білім беру бағдарламасы келесі негізгі қағидаларға негізделеді:

- Құзыреттілік әдісі;
- Конструктивті келісім;
- Студенттерге бағдарланған және белсенді оқытуды қолдайтын әдістер;
- Зерттеуге негізделген оқыту;
- Пәнаралық оқыту;
- Инклюзия;
- Педагогтардың кәсіби дамуы және өзгерістерді басқару;

Сонымен қатар, осы бағыт бойынша жұмыс берушілерге ББ ішкі нормативтік құжаттары талапқа сай рәсімделіп таныстырылды.

**АК төрағасы М.Шаханбаев:** Бүгінгі мәжілісімізді қорытындалай келе келешекте осы ББ сапасын арттыру мақсатында әлі де талай сіздердің пікірлеріңіз, талдау нәтижелеріңіз, сараптамаларыңыздың көп көмегі болары анық. АК мүшелері бір ауыздан қолдады.


**Шешім:** Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының Бакалавр деңгейіндегі ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етілсін. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



М.Шаханбаев

Хатшысы:



Н.Есентаев